Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы
2 қарашадағы № 1277 қаулысына 2-қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы
15 қазандағы № 1328 қаулысымен бекітілген

**Мемлекеттік қабылдау комиссиясының салынған объектіні пайдалануға қабылдау туралы актісі**

2015 жылғы «26» қаңтар Тараз қаласы

Тараз қаласы әкімінің 2014 жылғы «26» қаңтар № 24-0 өкімімен тағайындалған мемлекеттік қабылдау комиссиясы мына құрамда:

Комиссия төрағасы: **Көшербаев Ерік Әубәкіруұлы** - Тараз қаласы әкімінің орынбасары;

Комиссия төрағасының орынбасары: **Битабаров Асан Қабылбайұлы** - «Жамбыл облысы бойынша мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және лицензиялау департаменті» мемлекеттік мекемесінің бас маманы;

Комиссия мүшелері:

тапсырыс беруші: **Деметбаев Қадырбек Рақымбекұлы** - «Тараз қаласы әкімдігінің тұрғын жай- коммуналдық шаруашылық, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысының орынбасары;

бас жобалаушы: **Щегай Александр Сергеевич**- «АлдиярҚұрылыс Инжиниринг» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры;

бас мердігер: **Ахмет Сәбит Мұраталыұлы** - «Айя-Сервис»жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры;

басқада мүдделі ұйымдардың, мекемелердің және қадағалау органдарының өкілдері:

**Ашимов Еділ Ортайұлы** - «Тараз қаласы әкімдігінің тұрғын жай- коммуналдық шаруашылық, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің техникалық қадағалау маманы;

**Көпелбек Талғат Оразбекұлы** - Тараз қалалық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасының басшысы.

**Ақылбеков Ералы Нұрғалиұлы** - Тараз қаласы Төтенше жағдайлар басқармасының басшысы.

**АНЫҚТАЛДЫ:**

1. Тапсырысшы (мердігер тапсырысшымен бірге) «Тараз қаласы әкімдігінің тұрғын жай-коммуналдық шаруашылық, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.
2. Пайдалануға ұсынылған нысан: **«Тараз қаласы Жамбыл даңғылын (Ниеткалиев көшесінен Пушкин көшесіне) дейінгі жол бөлігін күрделі жөндеу»;**
3. Күрделі жөндеу жұмыстарын **«Айя-Сервис» ЖШС**-гі орындады;
4. Жоба-сметалық құжаттарын бас жобалаушы **«АлдиярҚұрылыс Инжиниринг» ЖШС**-гі дайындаған;
5. Жобалау жұмыстарына бастапқы шарттарды «Тараз қаласы әкімдігінің тұрғын жай-коммуналдық шаруашылық, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі берген;
6. Күрделі жөндеу жұмыстары **«АлдиярҚұрылысИнжиниринг» ЖШС**-нің жұмыс жобасы бойынша жүргізілген.
7. Жоба-сметалық құжаттары «Тараз қаласы әкімдігінің тұрғын жай- коммуналдық шаруашылық, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесімен бекітілген.
8. Құрылыс- монтаж жұмыстары келесі мерзім аралығында орындалды:

жұмыстың басталуы 25.08.2014жыл.

(айы және жылы)

жұмыстың аяқталуы 23.01.2015 жылы мерзімінен бұрын орындалды.
(айы және жылы)

9. Мемлекеттік қабылдау комиссиясына келесі құжаттар ұсынылды: ЖСҚ, жұмыс комиссиясының қорытындысы, орындалған жұмыстарды қабылдау актілері, орындалған жұмыстардың схемасы, жасырын жұмыстардың анықтама актісі, жол-құрылыс материалдарының паспорты мен сертификаттары.

10. Қабылдауға ұсынылған нысанның негізгі көрсеткіштері: Ұзындығы – 1800 м, ені: 12-25,5 м.

Бекітілген келісім-шарт құны:
барлығы 337 732,113 мың теңге, ҚҚС-ішінде, соның ішінде: 2014 жылға – 265 504,949 мың теңге; 2015 жылға – 72 227,163 мың теңге ҚҚС ішінде.

11. Технологиялық және сәулет- құрылыс шешімдерінің көрсеткіштері: Демонтаж жұмыстары, құдықтарды монтаждау жұмыстары, темір-бетон лотоктар орнату, БР 100*30*15 жол бордюрлерін орнату, ірі ыстық асфальтобетон қоспасынан төменгі қабатын салу, жолдың жоғарғы қабатын ыстық шағал мастикалы а/бетон қоспасымен салу, жол бұрылыстарын салу, үйлерге кіре берістерді салу, автотұрақтарды салу, су өткізгіш құбырлар, аялдамалар орнату, жол белгілерін орнату және көлденең жол сызығын сызу.

12. Объект (кешен) бойынша технологиялық және сәулет-құрылыс шешімдері мынадай деректермен сипатталады: Жол бетоны, бордюрлер, люк тип ДМ /С250/ ГОСТ 3634-99, ПГС, шағал, лоток, ірі түйіршікті шағалды асфальт-бетон қоспасы М-1 (ГОСТ 9128-97), шағал мастикалық а/бетон қоспасы, ЩПС, Битум БНД, МГ және СГ (сұйық), эмульсия, жол белгілері.

13. Еңбек қорғау және қоршаған ортаны қорғау іс-шаралары Құрылыс Нормалары мен Ережелеріне сай орындалған.

14. Жұмыс комиссиясы анықтаған нысанды пайдалануға кедергі туғызатын кемшіліктер жойылған.

15. Жоба-сметалық құжаттардағы барлық жұмыстар толық көлемде орындалған.

16. Нысанды тексеру және тиісті құжаттамалармен танысу негізінде:
технологиялық **жақсы** деген сәулет-құрылыстық (көлем жоспарлары және материалдар мен құрастырмаларды қолдану жөніндегіні қоса алғанда) шешімнің озықтығына баға берілді.

**Мемлекеттік қабылдау комиссиясының шешімі:**

9. Қабылдауға ұсынылған **«Тараз қаласы Жамбыл даңғылын (Ниеткалиев көшесінен Пушкин көшесіне) дейінгі жол бөлігін күрделі жөндеу»** нысаны

**ПАЙДАЛАНУҒА ҚАБЫЛДАНСЫН.**

**Мемлекеттік қабылдау** комиссиясының төрағасы: _____ Көшербаев Ерік Әубәкіруы

**Мемлекеттік қабылдау комиссиясының төрағасының орынбасары** _____ Битабаров Асан Қабылбайұлы

**Комиссия мүшелері:**

_____ Деметбаев Қадырбек Рақымбекұлы

_____ Щегай Александр Сергеевич

_____ Ахмет Сәбит Мұратәлиұлы

_____ Ашимов Еділ Ұртайұлы

_____ Көпелбек Талғат Оралбекұлы

_____ Ақылбеков Ерлан Нұрғалиұлы